

## Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 7 маусымдағы № 270 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 21 маусымда № 4752 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 141 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы әкімдігінің 17.04.2019 № 141 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 37369,2075 гектар жерге аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантинді аймақ белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" 2017 жылғы 24 наурыздағы № 125 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4198 тіркелген, 2017 жылдың 12 мамырында Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың

1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровка жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысы әкімінің міндетін атқарушы*

*Л. Тұрлашов*

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы "07  
" "маусым" "Облыс аумағында карантиндік  
режимді енгізе отырып, карантинді аймақты  
белгілеу туралы" № 270 қаулысына  
қосымша

### **Алматы облысының аумағында карантиндік объектілердің түрлері бойынша белгіленген карантиндік аймақ көлемі**

№	Аудандар, қалалар	Барлық залалданған жер көлемі, гектар	Оның ішінде карантинді объектілердің түрлеріне шаққанда			
			Калифорниялық қалқаншалы сымыр	Шығыс жеміс жемірі	Жұпсыз жібек көбелегінің азиялық кіші түрі	Картоптың алтын түстес жұмырқұрты
1	Алакөл	187,5				
2	Ақсу	4944				
3	Балқаш	8064				
4	Еңбекшіқазақ	1562,605	335	237	68,5	
5	Ескелді	416,951				
6	Жамбыл	2130				
7	Іле	233,4	17	10		
8	Қарасай	871,8	15	15		
9	Қаратал	3742,51				
10	Кербұлақ	5320				
11	Көксу	689,0135	30			
12	Панфилов	1492,92	209,5	126,5		
13	Райымбек	151			10	28
14	Сарқан	921,151			53,5	
15	Талғар	988,687	140	20		
16	Ұйғыр	3852				
17	Текелі қаласы	12			5	
18	Талдықорған қаласы	147,67				
19	Қапшағай қаласы	1642				

Барлығы	37369,2075	746,5	408,5	137	28
---------	------------	-------	-------	-----	----

**кестенің жалғасы**

Жеміс ағаштарының бактериалық күйігі	Жусан жапракты ойраншөп	Жатаған (қызғылт) кекіре	А р а м сояулар
0,5		130	57
		4807	137
		7623	441
578,105	29	164	151
44,951		320	52
		2000	130
		200	6,4
35,8	175	458	173
0,51		3470	272
		5111	209
0,0135		517	142
7,92		869	280
		87	26
9,651		713	145
180,687	83	565	
		3680	172
7			
27,67		10	110
	75	1132	435
892,8075	362	31 856	2938,4